



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Лингвистикалық келісілгендік





Адамзат тілі мен ойлаудың байланысын анықтауда стивен Пинкер Лингвистикалық келісілгендік ұғымын қарастырып отыр. Дегенмен бұл мәселені талқылау алдында лингвистика ұғымының мәніне тоқтауды жөн көріп отырмыз.

Тіл білімінің ғылым ретіндегі зерттеу нысаны – тіл екенін әрбір адам жақсы біледі. Тіл – қоғамда өмір сүретін адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Тіл біздің ойымызды білдіреді, тіл арқылы адам ойлайды. Тіл – күрделі психикалық, жүйелік-құрылымдық құбылыс, адам дүниетанымының әрекетінің нәтижесі.

Тіл білімі немесе лингвистика – әлем тілдерінің құрылымын, әлеуметтік қызметін, тарихи дамуын және олардың жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады. Тілдің дыбыстық жүйесі – тіл білімінің фонетика саласында, сөздік құрамы – лексикология саласында, грамматикалық құрылысы – грамматика саласында қарастырылады. Осы аталған салалардан басқа тіл білімінде лексикография, стилистика, фразеология сияқты салалар бар. Тілдің әртүрлі жақтары: дыбыс жүйесі, сөздік құрамы, грамматикалық құрылысы бір-бірімен тығыз байланыста болады. Өйткені тіл білімі олардың әртүрлі қырларын, салаларын, дамуын, өзара байланысын, тілдің дамуының ішкі заңдылықтарын зерттейді.

Лингвистика – ішкі лингвистика және сыртқы лингвистика болып екіге бөлінеді.

Ішкі лингвистика. Барлық заттар мен құбылыстарға тән субстанциялы және функционалды қасиеттер тілге де тән. Бұл қасиеттер тілді жүйелі құрылым ретінде қарастырып зерттеуге мүмкіндік береді. Сыртқы лингвистика тілдің функционалды қасиеттерін зерттейді. Бұл қасиеттер «тіл және тілдік емес объектілер» жүйесінде қарастырылады.

Тіл белгілі бір жүйе жиынтығын құрайтыны сөзсіз. Тіл жүйесі туралы ілім неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдтың есімімен тығыз байланысты. Вильгельм фон Гумбольдтың бұл идеясын әрі қарай дамытушы швейцар ғалымы Фердинанд де Соссюр болды. Фердинанд де Соссюр тілдің жүйелілігі туралы: «Тілдің барлық элементі – біртұтас болып келетін жүйе, ал жеке элементтердің мағынасы басқа элементтері болғандығы үшін ғана байқалады», – деп қорытынды жасайды. Сонымен қатар, Фердинанд де Соссюр тіл мен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсысына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді. Автордың айтуынша, Тіл – әлеуметтік, ал сөйлесім – жеке-дара құбылыс. Тіл – тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады. Тіл – адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын процесс, ал сөйлеу – әркімнің өзі дамытып отыратын процесі. Тіл – адамның қарым-қатынасында бәріне ортақ, ал сөйлеуде автордың өз қолтаңбасы болады. Тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу – психо-физикалық құбылыс. Сөйлеу – адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу – анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, кісінің психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне сүйенеді.

Тілдің жүйелік қасиеті оны меңгере білуге және қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Тілдің жүйелік сипаты оның барлық салаларынан көрінеді. Мысалы, қазақ тілі фонетикасында дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, еріндік және езулік, ашық және қысаң болып бөлінуі тілде белгілі бір жүйе бар екенін көрсетеді. Осы сияқты мысалдарды тіл білімінің лексикалық, грамматикалық, синтаксистік салаларынан да келтіруге болады. Тілдің жүйелік қасиеті тілді меңгере білуге, оны қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Тілді жүйелі түрде қарастыру қазіргі лингвистикада жеке бағыт алды. Осының негізінде тіл білімінде жаңа лингвистикалық бағыттар мен тұжырымдамалар, әдіс-тәсілдер пайда болды.

Сонымен, «Лингвистикадағы ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің мақсаты – студенттердің кәсіптік біліктілігін арттыру, оларды лингвистикадағы әдіс-тәсілдермен, тіл туралы қазіргі ғылым әдістемелігімен, оның қалыптасуы мен дамуы сияқты мәселелермен таныстыру.

Лингвистикалық зерттеулерде көп уақыт бойы сипаттау теориялары мен тұжырымдамалары басым болып келді. Соңғы жылдары түсіндірмелі лингвистика теориясы дами бастады. Ол тіл білімінде лингва-елтану, этнолингвистика, танымдық лингвистика мен лингвистикалық мәдениеттану сияқты жаңа бағыттардың дамуына түрткі болды. Бұл бағыттарда тіл дамуының негізгі факторы ретінде адам қарастырылады, өйткені тіл – адамның жасаған өнімі мен туындысы. Қазіргі кезде тіл тек қана қатынас және таным құралы ретінде емес, сол сияқты ұлттың рухани мәдениеті ретінде де бірнеше бағыттарда қарқынды түрде зерттелуде. Кез



келген тілдің қызметін зерттеу қазіргі тіл білімінде жаңа бағыттармен пайда болған соңғы әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік туғызады.

«Лингвистикадағы ғылыми зерттеу негіздері» пәнінің мақсаты – студенттердің кәсіптік біліктілігін арттыру, оларды лингвистикадағы әдіс-тәсілдермен, тіл туралы қазіргі ғылым әдіс-тәсілімен, оның қалыптасуы мен дамуы сияқты мәселелермен таныстыру.

Дәрісіміздің аясындағы тағы да бір назар аударатын мәселені тілдегі сөз палитрасы деп айтуға болады. Бұл мәселе де Уорфтың атымен байланысты.

«Әсерлердің калейдоскоптық ағыны» арасынан Уорфтың теориясында түс сөзсіз көзге көбірек түседі. Уорф олар түсетін жарық толқынының ұзындығына байланысты біз заттарды әртүрлі түсте көреміз десе, ал физиктер бізге толқынның ұзындығы оның тұрақты сипаты, қызылды сарыдан, жасылдан, көктен немесе басқа түстерден анық айырып беретін нәрсе жоқ деп хабарлайды. Тілдер болса, сан алуан сөздерді өз палитрасы үшін ойлап табады: латында таза «сұр» мен «қоңыр» түстерді белгілейтін таңбалар жоқ; үндістердің навахо тілі көк пен жасылды бір сөзге сыйғызады; орыс тілі көк пен көгілдірді ажыратады; шоян үндісі сарғыш-жасыл мен жасыл-сары түстер үшін бір сөзді, қызғылт-көк реңкі жоқ көкшіл-жасыл үшін өзге сөзді пайдаланады. Түс спектрін ажыратушы дәл осы – тіл; Юлий Цезарь сұр түсті үндістің қоңырқай жүзінен ажырата алмаған болар еді.

Дегенмен физиктер түстер арасындағы шегараны бөлудің негізін көрмегенімен, оларды физиологтар көреді. Термометр температураны тіркегеніндей, көз толқындар ұзындығын тіркемейді. Олардың ішінде белгілі бір пигмент толтырылған үш түрлі шыны сауытша болады; нейрондар жасыл түстің аясында қызылға, көк – сарының, қара – ақтың немесе керісінше жақсы әсер ететіндіктен, бұл сауытшалар нейрондармен солай байланысқан.

Шындығында, адамдар бүкіл әлемде дүниедегі көргендерін ортақ бір түстермен бояйды, бұл тілде сөздердің пайда болуына шектеу қояды. Күйдірілген умбра, тасбақа түсті, пісте түсті – алпыс төрт түсті қарындаш жиналған кезде тілдер реңктер туралы дауласуы мүмкін болғанымен, олар сегіз түсті – оттай қызыл, шөп түстес жасыл, лимон-сары қарындаштар жиынтығына қатысты әлдеқайда ынтымақтастық танытады. Егер тілдің өзінде бұл негізгі спектрлер бөлігіне кіретін түстер атаулары болса, сан түрлі тілдерде сөйлеушілер түсті таңбалайтын ең ұтымды сөздердің үлгісі ретінде бірауыздан осы реңктерді таңдайды. Ал «түрлі түсті» сөздер арасында айырмашылықтар бар тілдерде олар қайсыбір сөзжасаушының талғампаздығының нәтижесінде туындамаған, ондай айырмашылықтар туралы алдын ала толық болжам айтуға болады. Мұндай қорытынды эксперимент нәтижесінен шығып тұр.

Шешуші эксперимент Жаңа Гвинеяның Ұлы даласындағы дани тайпасы тұратын таулы ауданында өткізілді. Осы тайпаның адамдары ақ-қара түсті тілдердің бірінде сөйлейді. Психолог Элеонор Рош данилер жаңа түстік категориялардың мағынасын оның негізінде реңкі түсініксіздеу қызылдан гөрі отты қызыл түс болса, әлдеқайда тезірек ұғынатынын анықтады. Түстерді біздің қалай көретініміз оны белгілейтін сөздің мағынасын түсіну қабілетін анықтайды, басқаша болмайды.

Дәрісіміздің шеңберінде тіл мен ойлау мәселесін айқындауда көне тайпалар туралы деректерге назар аударамыз. Хопи тайпасының уақыт туралы түсінігінің түбегейлі (немесе қағидаттық тұрғыда) өзгешелігі ойлаудың әр алуандығының ең бір айрықша мысалы болады. Уорф «хопи тайпасының тілі біз «шақ» деп атайтын, алда болатын, жүріп жатқан немесе аяқталған әрекетті білдіретін сөздерден, грамматикалық тұлғалардан, сөз тіркестерінен немесе сөйлемшелерден» тұрмайды деп жазды. Ол сондай-ақ хопилердің «УАҚЫТ туралы түсінігі немесе оны ғаламдағы бардың бәрін болашақтан бүгінгі арқылы өткенге алып кететін қандай да бір үздіксіз ағын ретінде сезінуі жоқ» деген болжам айтты. Уорфтың айтуы бойынша, бұл тайпаның адамдары оқиғаны бір нүкте немесе айталық, санауға болатын күндер сияқты уақыттың үзігі ретінде елестете алмайды. Олар негізінен болып жатқан процестердің өзіндегі өзгерістерге және сондай-ақ мифтік түсініктер мен болашақтан күтетіндерінің арасындағы қазіргі белгілі психологиялық айырмашылықтарына назар аударады. Хопилер, сондай-ақ «нақты реттілік, күнді белгілеу, күнтізбе мен хронология» үшін көп қам жемейді. Мұндай жағдайда біз хопи тілінен аударылған мына сөйлемді не істейміз?

Хопилер Уорф көрсеткендей уақытқа соншалықты немқұрайлы қарамайтын сияқты. Келтірілген сөйлем еңбектерінен алынған антрополог Эххарт Малотки хопилерді тиянақты



түрде зерттеп, хопи тілінде уақыт категориялары, уақыт метафоралары, уақыт бірліктері пайдаланылатынын, хопилер уақыт үзіктерін санай алатынын, «көне», «жылдам», «ұзақ уақыт» және «аяқталған» сияқты сөздер қолданылатынын көрсетті. Олардың мәдениеті оқиғаларды, күндерді белгілеудің (күн күнтізбесін қосқанда), мерекелік күндердің дәл ретін анықтаудың, едәуір күрделі әдісін, түйінді жіп «күнтізбелерді», таяқшалардағы керттіктер мен күн сағатының қағидатына сүйеніп, уақытты есептейтін түрлі құрылғыларды пайдалана отырып, жадында сақтайды. Енді Уорф қандай жолмен өзінің таңғаларлық қорытындыларына келгенін дәл айту мүмкін емес, дегенмен оның көп жылғы мистицизмге бейімділігі сияқты, хопи тілі бойынша келтірілген шектеулі әрі нашар талданған мысалдары бұған өз үлесін қосқан сыңайлы.

Келтірілген деректерді Стивен Пинкер «антропологиялық өсек» деп түйіндейді. Ойын жалғастыра келе, ол былай деп жазады: «Енді Пинкер «антропологиялық өсек» туралы сөз қозғалғанан кейін, тіл мен ойлау жөнінде пікір таластыра отырып, Ұлы мистификация эскимос сөздігі туралы айтпай кетуге болмайды. Кең тараған пікірге қарамастан, эскимостардың қарға қатысты қолданатын сөздері ағылшын тілінде сөйлеушілерден көп емес. Кейде жазылып жүргеніндей, олар қарды таңбалайтын төрт жүз сөзді мүлде қолданбайды; ондай сөздер екі жүз де, жүз де, қырық сегіз де, тіпті, тоғыз да болмайды. Сөздіктердің бірі бар болғаны ондай екі-ақ сөзді келтіреді. Онда мұндай миф қайдан шықты? Қандай жағдай болса да, оның авторы Сібірден Гренландияға дейінгі тұрғылықты халықтар сөйлейтін эскимос-алеут тобына жататын полисинтетикалық тілдерді оқып-үйренген адам емес. Антрополог Лора Мартин әр қайталап айтқан сайын бұрынғысынан да әсерлі бола түскен бұл аңыз қала кабинетінде туындағанын құжат жүзінде тіркеді. 1911 жылы Боаста эскимостарда қарды белгілейтін өзара байланысы жоқ төрт түбір сөз бар деген кездейсоқ пікір жаңылыс айтылды. Уорф бұл әңгімені әсерлеңкіреп, оған жеті санын қосып, одан да көп болуы ықтимал деп меңзейді. Оның мақаласы түрлі басылымдарға кеңінен тарап, кейіннен оқулықтар мен тіл білімі бойынша кітаптарда сілтеме жасалуы бастапқыда кітапта айтылған санның мақалалар мен «Ғажайыптар қасымызда» атты газет бағаналарында адам сенгісіз болып ұлғайтылуына апарды. Линда Мартин мақаласының кеңінен танылуына көп үлес қосқан лингвист Джеффри Паллам өзінің «Эскимос сөздігінің «Ұлы аңызға айналуы» (мистификациялануы)» деген эссесінде бұл ертекті неліктен еш күдіксіз іліп әкетті дегенді талқылайды.

Тіл білімі бойынша жазылған нашар оқулықтардан бізге эскимостар туралы оқуға тура келетіні сияқты. Дегенмен осындай жалған деректер қайдан шығады деген сұраққа Пинкер мынандай ой айтады: «Бұл тұжырымның әйгілі аңшылармен, итбалық майын жегіштермен, мәңгілік мұзды мекендеушілермен, әйелдерін қонағына ұсынушылармен байланыстылығының өзі осындай қарабайырлыққа біздің аз да болса қызығушылығымызды оятады».

Егер антропологиялық аңыздардың өзі ұшқары айтылған бос сөз болатын болса, онда жүйелі зерттеулер туралы не айтуға болады? Пәнді психологиялық зертханаларда отыз бес жыл зерттегендегі олардың нәтижелері түкке тұрғысыз. Тәжірибелердің көпшілігі Уорф болжамының, дәлірек айтқанда, сөздер жаққа немесе белгілері бойынша қорыту қабілетіне әсер етеді деген нәрсіз «оңайлатылған» нұсқасын тексеруге арналған. Осы сараптардың бірқатары шынында да нәтиже берді, бірақ оны таңдандырарлық деу қиын. Қалыпты сараптау барысында сынақтан өтушілер белгілі түсті білдіретін фишканы есіне сақтауы керек, одан кейін оларға көпшілік таңдау әдісін қолданады.

Бұл сараптардың кейбірінде сынақтан өтушілер олардың ана тілінде атаулары бар түстерді есіне біршама жақсы сақтайтынын көрсетті. Тіпті ана тілдерінде атаулары жоқ түстер де қанағаттанарлықтай есте сақталған, ендеше эксперимент түстердің тек вербальды «биркалар» көмегімен ғана есте сақталатынын мүлде дәлелдемейді. Бұл сынақтан өтушілердің фишкаларды тек вербальды емес көзге көрінетін бейне және вербальды «бирка» ретінде екі түрлі үлгіде есіне сақтайтынын ғана дәлелдейді. Өйткені алдын ала пайымдағанда тек біреуіне ғана қарағанда жақсырақ болғанымен, жадының екі түрінің әрқайсысы қателерге ұшырауға бейім. Сынақтан өтушілердің түрлі түсті үш фишканың қайсысы бір-біріне көбірек ұқсайтынын хабарлауын талап ететін ғылыми тәжірибенің басқа түрінде олар көбінесе түстері өз тілдерінде бір ортақ атаумен аталатын фишкаларды біріктіреді. Мұнда да таңғаларлық ешнәрсе жоқ. Мен сынақтан өтушінің қалайша пайымдайтынын елестете аламын: «Мына біреу менің екі фишканы қалай біріктіргенімді қалайды екен? Ол маған еш ишара білдірмеді, мыналардың бәрі бір-біріне



ұқсайды ғой. Жарайды, бұлардың екеуі «жасыл» сияқты, ал анауы «көк» шығар – е, бопты, осы екеуі-ақ бірге болсыншы; мұнда қандай да болса, бір қисын бар ғой әйтеуір». Дәлме-дәл айтқанда, бұл тәжірибелерде тіл ойлау формаларының біріне ықпал етеді, бірақ онда тұрған не бар? Бұның көзқарастарды салыстыруға келмейтіндігіне; немесе атауы болмағандықтан елестетуге келмейтін ұғымдарға; немесе ешқандай талас тудырмайтын жағдайларға сәйкес біздің ана тілдеріміз салып берген үзік сызықтармен әлемді бөлу мысал болуы екіталай.

Шын таңданыс тудыратын жалғыз ғана жаңалықты лингвист, қазір Свортмор колледжінің президенті Альфред Блум өзінің «Тілдік қабықтағы ойлау» атты кітабында ашты.

Қытай тілі өзге де тікелей болжаммен айтылған жағдайды сипаттау үшін қолданылатын құрылымдар мен шарттылықты білмейді. Мұндай ойды мына сияқты: «Егер Джон ауруханаға түссе... бірақ ол ауруханаға түспейді, ...бірақ ол түссе, онда Мэриді кездестіреді» деп жанамалап айтуға тура келеді. Блум қияли алғышарттардан туған логикалық қорытындылардан тұратын бірнеше әңгіме жазып, оларды қытайлық және американдық студенттерге берді. Міне сол әңгімелерден қысқаша үзінді: «Байер XVIII ғасырдағы еуропалық философтардың бірі болды. Сол уақытта-ақ Қытай мен Батыс арасындағы байланыстар басталып, қытайлық философтардың аз ғана еңбектері аударылған еді.

Байер қытай тілін білмеді, бірақ егер ол қытайша оқи алғанда, өзі үшін сөзсіз Б-ны ашқан болар еді; В оған бәрінен күшті әсер еткен болар еді; қытайлық дүниетаным ықпалымен Байер міндетті түрде Г-ге келген болар еді» және тағысын тағылар. Студенттер шын мәнінде Б, В немесе Г болды ма дегенге жауап беруі тиіс еді. Америкалық студенттер 98% жағдайда «жоқ» деп дұрыс жауап берген; ал қытайлық студенттердің арасында тек 7%-ы ғана дұрыс жауап берді. Осының негізінде Блум – қытай тілі сол тілде сөйлеушілерге болжалдық, қисынсыз жағдайларды сезінуге мүмкіндік бермейді деген қорытынды жасады.

Шығыстық ойлаудың қайсыбір нақтылығы жөніндегі мұндай оқиға Терри О, Етаро Такано мен Лайза Лью сынды психолог-когнитивистерді тіптен қуанышқа бөлей қоймады. Олардың әрқайсысы Блум жасаған тәжірибелерден елеулі кемшілік тапты. Ондай мәселенің бірі – оның әңгімелері мүлде табиғи қытай тілінде жазылмағандығында еді. Енді бірі осы ғылыми әңгімелерді қайталап оқығаннан кейін кейбіреулерінің мағынасы екіұшты болып шықты. Американдық студенттерге қарағанда қытай студенттердің әдетте жаратылыстану ғылымдары саласындағы дайындығы жақсырақ болатындықтан, олар Блумның өзі назардан тыс қалдырған екіұштылықты әлдеқайда жақсы аңғара білді. Ол кемшіліктер түзетілгеннен кейін, айырмашылықтар да жоғалды.